Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

# Мұнайлы Өлке

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№07 (37), тамыз-қыркүйек, 2012 жыл




# МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

# МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ

















**Ата Заңымыздың мерекесі — Қазақстан Республикасы Конституциясының күні өңірімізде үлкен мейрамға ұласты. Маң даланың «қара алтынын» еселей өндіріп, ел ырзығын арттырып жүрген «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мұнайшыларының тойы өткен аптада-ақ басталған. Конституция күні қарсаңында тойбастар ретінде өткен салтанатты жиналыста «Маңғыстаумұнайгаздың» толайым табыстары, жеткен жетістіктері баяндалып, бірқатар өндіріс озаттары тиісті марапаттарын алды. Ал 30-тамызда қос мереке Жетібайдағы мұнайшылар мекенінде атап өтілді.**

Бұл күні Жетібайдың таңы мерекеге дайындалған мұнайшылардың абыр-сабыр үнімен атаса атты. Алаңның қақ ортасында орналасқан сахна қызылды-жасылды гүлдермен, түрлі-түсті шарлармен, безендіріліп, киіз үйлер тігілді. Алаңға мерекелік көңіл-күймен жиналғандар арасында аға буын және жас мұнайшылар, әйелдер мен балалар да, яғни, олардың отбасы мүшелері де болды.

Мұнайшылар жиналысында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының орынбасары Нұрлан Түрікпенбаев жыл аяғына дейін 5 млн. 900 мың тонна «қара алтын» өндірілетінін, ал келесі жылы бұл көрсеткішті 6 млн. тоннаға жеткізу көзделіп отырғанын айтқан-ды. Осынау толайым табыстарда Жетібай мұнайшыларының да үлесі мол.

Сәні келіскен сахнадан құттықтау сөздерін айтып, игі тілектерін білдірген ардагерлер мен басшы азаматтар негізінен тарих тұңғиығынан сыр шертті. Өйткені, 1961 жылы Маңғыстаудың абыройын аспандатып, жарты әлемнің назарын өзіне аудартқан асыл қазына—қара мұнай бұрқағы тұңғыш рет осында атқылаған еді. Содан бергі 51 жыл бойы толассыз табыс селін тасытқан мұнайшылар осында табан аудармастан келеді. Көпшілігі күллі әулетімен бірге несібесін «қара алтыннан» тауып отыр.

Жетібайдың қарапайым мұнайшы жігіттері жұмысшы кентінің жағдайы жылдан жылға жақсарып келе жатқанын айтып жатты. Әсіресе, асхана жұмысы жақсы жолға қойылған. Өзге де әлеуметтік мәселелер шешімін тауып келеді. Ал жұмысшылардың хал-ахуалы дұрыс болса, жұмыстың да өнімді болары хақ.

«Қара алтын» өндірушілер спорт ойындарынан да құралақан емес екен. Олар мерекеге орай ұйымдастырылған алуан түрлі сайыстарға қатысып, күш сынасты. Бағына қарай бағалы сыйлықтарын алды. Жергілікті әншілер мен күйшілер де мұнайшылар мейрамынан тыс қалмай, өз өнерлерімен шашу шашты.

Жексенбі күні «қара алтын» өндірушілердің тойы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Қаламқас кен орнында өзіндік сән-салтанатымен жалғасты. Мереке құрметіне жасанған кең аланда он үй тігіліп, ертемен әсем әуен шалықтады. Қиын да тынымсыз еңбектен бір сәт қолдары босап, той қызығын тамашалауға келген қаламқастықтар тігулі үйлердегі той дастарханынан дәм татысып, бірін бірі мерекелерімен құттықтап, үздіксіз өтіп жатқан спорт сайыстарына жанкүйер болды.

-Бүгін мұнда күрестің екі түрінен—70 кг салмақтағы және одан жоғары салмақ дәрежесіндегі палуандардың күресінен, арқан тарту, кір көтеру, білектесу, бағанаға өрмелеуден сайыстар өтіп жатыр,-деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ спорттық шараларды ұйымдастыру жөніндегі топ жетекшісі Самат Темірқасов.-Бұған дейін облыс орталығында акционерлік қоғамның мердігер мекемелері арасында футболдан, волейболдан, мылтық ату, стол теннисінен жарыстар өткен еді. Ал қазіргі сайыстарға өзіміздің және мердігер мекемелеріміздің еңбеккерлерімен қатар көрші ауылдар мен аудандардан, Ақтаудан келіп, бақ сынасып көргісі келгендердің барлығы қатысуда. Барлық жеңімпаздар көрсеткіш дәрежелеріне қарай арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Топ жетекшісінің сөзін Қаламқас кен орнының спорт нұсқаушысы Жақсыбек Таңмағанбет те қуаттады. Оның айтуынша, соңғы 3-4 жылдан бері осында салауатты өмір салтына ерекше назар аударылып, спорт шаралары жақсы жолға қойылып келеді. Сондай-ақ Қаламқас кен орнында еңбек ететін жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайы да көңіл көншітерлей. Осы жерде 18 жылдан бері жұмыс істейтін учаске бастығы Бектұр Есетов өзінің де, әріптестерінің де жай-күйі жақсы екендігін қуанышты кейіппен жеткізді.

-Отбасымда мен ғана мұнайшымын. Соның өзінде жағдайымыз ешкімнен кем емес, шүкір, жақсымыз,-деді ол.

Ал «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Сәрсенбай Нұрпейіс:

-Қаламқас кентінде бір мезгілде 3500-ден астам еңбеккер жұмыс істейді. Олардың барлығы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының және осы мекемеге қызмет көрсететін барлық мердігер компаниялардың өкілдері. Қазір кен орнында тәулігіне 11 650 тоннадай қара алтын өндіріледі. Бұл—облыста Өзен кен орнынан кейінгі екінші көрсеткіш. Жыл сайын осындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Былтыр бес жатақхана күрделі жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілсе, биыл да дәл сондай алты жатақхана күрделі жөндеуден өтеді. Сондай-ақ жиырма бес орындық заман талабына сай жабдықталған екі жатақхана пайдалануға берілді. Енді бір ай шамасында салауатты өмір салтын қамтамыз етуге бағытталған, жұмысшылардың бос уақытын өткізулері үшін жаңа спорт кешені пайдалануға берілмек,- деп, жақсы жаңалықтардан хабардар етті.

Қаламқас мұнайын игеріп, ел дәулетін тасытқан мұнайшылар жер иесі—жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға ат салысып, қажет кезінде көмек көрсетіп те келеді.

-Маңғыстау ауданының төрт мың бес жүздей тұрғыны мұнай саласында қызмет етеді,-дейді кен орны орналасқан Маңғыстау ауданының әкімі Жармағамбет Айтуаров.-Ал Қаламқас кен орнында 1800 тұрғынымыз жұмыс істейді. «ММГ» ауданның түрлі салаларына көмек көрсетіп келе жатыр. Биыл ауылдардың тазалығына, ауа-райының қолайсыздығына, табиғаттың тосын жағдайларына байланысты көп көмек алуға тура келді. Мысалы, шілде айында 20 күн қатарынан жауын жауған уақытта көптеген елді мекендеріміз суға кетті, біраз нысандарымызды, жолдарды су шайып кетті. Сондай кезде мұнайшылар қажетті техникалар бөліп, қызмет көрсетті және кейбір ауылдарда осы кәсіпорын қызметкерлерінің көліктерімен айлап жатып, жұмыс істегендері болды. Олар алдағы уақытта да жылына беретін әлеуметтік көмек көлемін көбейте түспек. Бұл, әрине, әлеуметтік жағдайымыздың жақсаруына сеп болмақ.

Мерекенің қызу кезеңінде сахна төріне көтерілген облыс әкімінің орынбасары Біржан Қанешов жиналғандарды кәсіби мейрамдарымен құттықтап, бір топ мұнайшыға облыс әкімінің марапаттарын тапсырды. Облыстық мәслихаттың хатшысы Б.Жүсіпов, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Өсет Мағауов мерекелік лебіздерін білдіріп, мұнайгаз кешені қызметкерлерінің бір тобын Құрмет грамотасы және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Сондай-ақ Маңғыстау ауданының әкімі Жармағамбет Айтуаров, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Сәрсенбай Нұрпейіс, ардагер мұнайшылар құттықтау сөз сөйлеп, ақ тілектерін ақтарды.

Ақжарма тілектер, арқа-жарқа қуанып күн ұясына батқанша жалғасын тапты. Облыстың өнерпаз қыз-жігіттері мұнайшылар мейрамын ән-күйлерімен әрлеп, ажарын келтірді. Кешке дейінгі той тамашасы жұмысшы жастардың би кешіне жалғасып, түнгі еңбек даласындағы әдемі әуен үзілмеді.

















# ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ:
## өркендеу мақсатындағы әріптестік



**Рафаэль Сатенов, начальник отдела договоров Департамента правового обеспечения и корпоративного управления АО «Мангистаумунайгаз»**

Свой отзыв о поездке в Китай я хотел бы начать с того, что эту страну я открывал для себя впервые. В рамках поездки мы посетили столицу Поднебесной, а также города Ляохэй и Далянь.

В аэропорту г. Пекин встретили нас очень приветливо. Прекрасной половине нашей группы преподнесли букеты цветов, после чего сразу же отвезли в гостиницу, поскольку предстоящий день предусматривал очень насыщенную программу.

Учебную часть поездки можно охарактеризовать только с положительной стороны, поскольку получение новых знаний всегда является полезным. Но все же подробнее я хотел бы остановиться на нашем ознакомлении с Китаем и его культурой.

Пекин в целом впечатляет своими масштабами: площадь Тянь-Ань-Мэнь Запретный город, Императорский дворец, Летний императорский дворец, Великая Китайская стена.

Площадь Тянь-Ань-Мэнь, ведущая в так называемый Запретный город, мне запомнилась рассказом нашего гида о том, что в утренние часы на ней собираются многочисленные жители для проведения гимнастики, и куда привозят спортсменов, в том числе представляющих страну на олимпийских играх, что бы они могли воочию увидеть ради кого они участвуют в спортивных соревнованиях и ради кого их достижения и победы.

Запретный город это грандиозный комплекс в буддистском стиле, выстроенный по Фэн-шуй, повсюду символы Китая - драконы на крышах, львы, птица феникс, черепахи.

**Летний же дворец** напротив отличается своей теплой атмосферой, множество многовековых деревьев, самая длинная в мире галерея, мраморный корабль по сей день, стоящий на берегу красивого озера.

Наверно нет такого человека, который не слышал об одном из семи чудес света – Великой Китайской стене. Несмотря на то, что мы попали на нее в рабочий день, было очень оживленно. Очень характерно, что среди посетителей очень много пожилых китайцев, при том, что поход на Великую Китайскую стену нельзя назвать легким и для молодого человека.

Вообще я могу отметить такую специфику, что сами китайцы очень много ездят по своей стране и кажется с большим удовольствием. На фоне огромного числа китайцев иностранцы просто теряются, людей настолько много, что запросто можно потеряться. Так что «внутренний» туризм в Китае очень развит.

Кстати, у китайцев, о чем они сами часто говорят, есть положительная установка - показывать гостям страны все самое лучшее, самое знаменитое, дабы они хотели ещё раз посетить Китай. Исключением из этого не стали шелк, жемчуг и чай. Поэтому, кроме посещения памятников архитектуры, мы побывали на шелковой и жемчужной фабриках, а также на чайных церемониях в чайных домах. Причем все это бесплатно. Однако там же Вам предлагают приобрести соответствующую продукцию.

На шелковой фабрике нам продемонстрировали процесс получения шелковых ниток, и мы собственноручно «растягивали» коконы и изготавливали шелковое одеяло.

В чайном доме мы участвовали в чайной церемонии, попробовали разные сорта этого напитка. Каждый вид чая имеет целебные свойства.

В ходе пребывания в Пекине мы увидели объекты летних олимпийских игр 2008 года: стадион «птичье гнездо» и плавательный бассейн.

Забегая вперед скажу, что в поездке нас сопровождали несколько гидов. Они встречали нас в аэропорту или у поезда, помогали поселиться в гостиницах, сопровождали во время экскурсий, рассказывали, отвечали на наши вопросы. Все гиды – китайцы, но отлично говорят по-русски, обладают отличным чувством юмора, и что характерно имеют еще и русские имена: Маша, Макар, Андрей и тому подобное. При этом необходимо отметить особую заботу организаторов о нашей безопасности (инструктажи, обеспечение телефонной связью, постоянное сопровождение).

Следующий город, который мы посетили, был Ляохэй, куда мы добирались на скоростном поезде. Ляохэй - это производственный «городок» с населением кажется свыше миллиона человек. Во время пребывания в Ляохэй нас провели по производственным объектам, а также показали торговые центры. А потом поездка на автобусе в Далянь.

Далянь - очень красивый приморский город. Старые постройки в нем расположены по соседству с современными небоскребами. В Даляне мы посетили Русскую улицу, телебашню, сафари парк, аквапарк, а также известный порт Артур.



Побывав в упомянутых городах Китая, я мог бы отметить существование множества парков, где можно прекрасно провести время с семьей или друзьями, и еще большее количество торговых центров.

Нельзя ни сказать несколько слов и о китайской кухне. По моему мнению, китайская кухня это сочетание несочетаемого, как среди вкусов, так и ароматов. Порой я не мог отличить, что я ем, но среди множества блюд подаваемых к столу всегда можно было найти блюдо по вкусу.

И какое посещение Китая без дегустации пекинской утки, когда повар лично разделывает утку у Вас на глазах. Вкус невозможно передать, кто пробовал, тот поймет.

В заключении я хотел бы сказать, то, что мы посетили и почувствовали в Китае – это лишь малая часть тех мест Китая, которые стоит увидеть и тех чувств от Китая, которые стоит испытать.

# ТАҒАЙЫНДАУ

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік және әкімшілік сұрақтары бойынша орынбасары қызметіне Қолдасбаев Ибадулла Мұратұлы 5 қыркүйектен бастап тағайындалды.**



Қолдасбаев Ибадулла Мұратұлы 1951 жылдың 1 наурызында дүниеге келді.

Еңбек жолын 1967 жылы бастады.

«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігіне қарасты «Өзенмұнай» басқармасында мұнай және газ өндіру операторы, «Өзен бұрғылау» және «Маңғыстау барлау бұрғылау» басқармаларында аға механик, Өзен мұнай қабаттарының өнімділігін арттыру және ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасында бас механик, цех бастығы, өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы, бас инженер, «Жетібай мұнай-газ» өндіру басқармасында ұңғыларды жерасты және күрделі жөндеу цехының бастығы;

Қазақстан Республикасының газ салаларында: «Актаутрансгаз» ЖАҚ-да бас директор, «Орталық Азия Интергаз» ЖАҚ-да бас менеджер, «Амангелдігаз» ЖШС-де директор;

«Қазмұнайгаз» НК АҚ-да материалдық, техникалық қорлар басқарма бастығының орынбасары;

Кәсіпкерлікте: «Drilling Services LTD» ЖШС-де - директор.

Білімі жоғары, техника ғылымдарының кандидаты.

**«Маңғыстаумунайгаз» акционерлік қоғамының Қазақстан мұнай секторына маман дайындауға бағытталған стипендиаттық арнайы бағдарламасының номинанттары Қытай еліне жақын арада аттанбақшы. 31 тамыз күні қоғам басшылығы Маңғыстау облысы мектептерінің жеті түлегіне оқуға сертификат табыстады.**

# ШЫҢ ЕЛІНЕ ОҚУҒА АТТАНДЫ

Айта кету керек, грант алуға 20 үміткер өтініш берген-ді. Конкурс өткізу нәтижесінде жеті адам іріктеліп, олар Қытай мұнай университетіне және Бейжің қаласындағы Солтүстік-Қытай электроэнергетикалық университетіне жолдама алды. Олар компанияда қажеттілік туғызып отырған «мұнай инжинирингі», «автоматизация», «теңіз мұнай инжинирингі» және т.б. мамандықтар бойынша білім алады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ студенттерге оқу ақысын толықтай төлемекші, сондай-ақ тіркеу және виза рәсімдеу, самолетпен ұшу билетін, тұрғылықты, медициналық сақтандыру, ҚХР-да өндірістік тәжірибеден өтуді, ай сайынғы 200 АҚШ доллары көлемінде шәкіртақы төлеуді толықтай мойнына алады.



Студенттерге ақ жол тілей отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауов оларға оқуда табысты болуларына тілектестік білдірді.

– Сендердің оқуды сәтті аяқтап, Қазақстан елінің болашағы үшін қызмет ететіндеріңе сенімім мол, – деді ол. – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы сендердің сапалы білім алуыңызға барлық жағдайды жасап отыр, сондықтан да сенімімізді ақтайды ғой деп ойлаймыз.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының орынбасары қызметін атқарушы Чиань Чунь мырза да өзінің тілектерін білдірді.

Студент жастар да өз тараптарынан «Маңғыстаумұнайгаз» басшылығына рахметтерін жеткізді.

– «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына бізге көрсетіп жатқан қолдауы үшін көп рахмет. Шет елде оқу бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені ол жақта жүрген біздерді еліміздің, өлкеміздің өкілі ретінде таниды, – дейді Гүлшат Мәжежанова

**Сәт сапар, балалар! Ауылға жоғары білімді де білікті маман ретінде аман-есен оралуыңызға тілектеспіз!**



# МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

**Жаңа оқу жылының қарсаңында республика аумағында «Мектепке жол» акциясы өтуде. Биыл ол «Жақсылық жасауға асығыңыздар!» деген ұранмен өтуде. Қайырымдылық акциясының мақсаты – мүжәлсіз және көп балалы отбасыларынан шыққан мектеп оқушыларына материалдық көмек көрсету. 1 қыркүйек күні «Маңғыстаумұнайгаз» басшылығы да осы акцияға өз үлесін қосты.**

Салтанатты жағдайда компанияның бас директоры Әсет Мағауов пен оның бірінші орынбасары қызметін атқарушы Чиань Чунь мырза Қарақия ауданы Мұнайшы селосының № 7 орта мектебінің 50 оқушысына мектеп сөмкесін және канцеляр тауарларын табыстады.

– Мен сыйлық алғаныма қуаныштымын, – дейді Анар Әбіл деген оқушы қыз. – Сыйлық маған өте ұнады. Жақсы оқитыныма уәде беремін.

Өз тараптарынан Әсет Мағауов пен Чиань Чунь балаларға табыстар тілеп, оларға отандарының нағыз патриоты болуларына тілектестік білдірді.

Мектеп директоры мен село әкімі мұнайшыларға көрсеткен қайырымдылықтары үшін алғыс айтып, оларға алдағы уақытта да табыстан табысқа жете беруді тіледі. Мұнайшы селосының әкімі Сымбат Төретаев мұнайшылардың аудандарындағы көптеген әлеуметтік нысандардың салынуына мұрындық болғандарын атап өтіп, өз ризашылығын білдірді.

# КОЛЛЕКТИВНЫЙ ДОГОВОР – ОДИН ИЗ КЛЮЧЕВЫХ ЭЛЕМЕНТОВ ЭФФЕКТИВНОЙ МОДЕЛИ СОЦИАЛЬНО-ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

«Сегодня труд – как решающий национальный фактор в условиях XXI века, в условиях глобальной конкуренции, – должен быть выдвинут **на первый план**».

«Без сомнения, актуальнейшим вопросом социальной модернизации является создание **эффективной модели социально-трудовых отношений**».



Приведенные цитаты из недавнего Послания Президента Республики Казахстан четко выделяют задачи, поставленные как перед государственными органами, так и перед бизнес сообществом нашей страны. Социальная ответственность работодателей перед своими трудовыми коллективами должна стать наиглавнейшим руководством к действию для построения эффективных бизнес процессов. И Акционерное Общество «Мангистаумунайгаз» будучи одним из лидеров нефтегазовой отрасли Мангистауского региона, не остается в стороне и вносит свой посильный вклад в улучшение социально-трудовых отношений. Предметом особой социальной заботы Компании являются её сотрудники, которым необходимо обеспечить безопасные и максимально комфортные условия труда, отдыха, профессионального роста, личного развития, а также обеспечить достойный уровень жизни после выхода сотрудников на пенсию.

Ключевые принципы социальной ответственности, заложенные в основу подписанного летом 2010 года Коллективного договора, значительно укрепили трудовые права работников. Работникам Компании предоставлен достойный социальный пакет. Были улучшены существующие положения Коллективного договора и появились новые. В этой связи, в соответствии с утверждённым бюджетом Общества производятся выплаты социального характера работникам Общества:

- Оказывается материальная помощь юбилярам – работникам АО «Мангистаумунайгаз», достигшим возраста 50, 55 и 60 лет;
- Материальная помощь в связи с рождением ребенка в семье работника;
- Материальная помощь новобрачным;
- Материальная помощь работникам, воспитывающим ребенка-инвалида;
- Материальная помощь в связи со смертью работников и их близких родственников;
- Оплата работникам-женщинам, находящимся в отпуске по уходу за ребенком. В размере 1 минимальной заработной платы ежемесячно, до достижения ребенка 1,5 лет;
- Разовая материальная помощь в связи с лечением и тяжелым материальным положением;
- Ежегодно к государственным и национальным праздникам: Наурыз, День Победы, профессиональному празднику – Дню работников нефтегазового комплекса, Международному женскому дню предприятие оказывает пенсионерам разовую благотворительную помощь;
- Фронтовики-нефтяники, ветераны ВОВ и трудового фронта пользуются особым вниманием Компании. К празднованию Дня Победы 88 участникам ВОВ и трудового тыла была оказана социальная поддержка;
- Повышение уровня заработной платы Работников Общества. С 01 июля 2010 года произведено повышение тарифов на 15%, в последующие годы - исходя из уровня инфляции;
- Материальная помощь семьям Работникам Общества на приобретение школьных принадлежностей к 1 сентябрю. В размере 10000 тенге на каждого ребенка;
- Выдача дополнительного питания. Всем работникам, находящимся на месторождениях Компании, ежедневно выдается кисломолочная продукция из расчета 0,5 литра на работника в смену;
- Трудоустройство бывших работников Компании, ушедших на срочную военную службу. Работник, отслуживший срочную военную службу, имеет право на прием на работу в Компанию, если срок его обращения для трудоустройства не превысит двух месяцев после демобилизации;
- Дополнительные медицинские услуги. Работодатель обязуется оказывать работникам Компании стационарную медицинскую помощь по соматическим заболеваниям и акушерско-гинекологическому профилю в условиях Мангистауской областной больницы и Областного перинатального центра г. Актау в палатах с оказанием сервисных услуг;
- Обеспечение за счет средств Компании детей работников праздничными подарками на Новый год. Детям в возрасте до 12-ти лет.

Забота о вышедших на пенсию сотрудников Компании составляет важную часть внутрикорпоративных программ. На сегодняшний день на учёте Общества состоят 1300 неработающих пенсионеров. Компания ежемесячно выплачивает пенсионерам пособие к пенсии в размере двух законодательно установленных месячных расчетных показателя РК. 308 пенсионерам, проживающим на территории области в индивидуальных жилых домах без центрального отопления, была оказана благотворительная помощь.

Общество, как и прежде, уделяло особое внимание организации отдыха детей работников. В 2011 году 1610 детей работников Компании отдохнули в детских оздоровительных центрах Казахстана, а также на побережье Чёрного моря. В том числе 172 путёвки выделены детям-сиротам и детям, оставшимся без опеки и попечительства родителей (областная детская деревня семейного типа и детский приют г. Актау, дети из малообеспеченных семей г. Актау и Каракиянского региона и т.д.). В текущем году, мы вновь отправляем детей работников АО «Мангистаумунайгаз» на отдых в оздоровительные лагеря. Помимо уже известных и полюбившихся оздоровительных центров в Астаны, Алматы, Кокшетау, Уральске и на Украине, в этом году ребята впервые получили возможность провести летние каникулы в молодежном центре «Банана Клаб» в Турции.

**Считаю, что результатом признания эффективной политики АО «Мангистаумуанйгаз» в области социальной сферы, является то, что в 2010 году наша компания стала лауреатом республиканской премии «Парыз» в номинации «Лучший коллективный договор».** Как вы знаете, данная премия вручается казахстанским предприятиям, внесшим существенный вклад в социальное развитие компании и социальное развитие региона.

В области модернизации образовательной системы и привлечения молодых специалистов на производство в соответствии с трехсторонним договором, заключенным АО «Мангистаумунайгаз» с Каспийским общественным университетом (далее КОУ) и со студентами, обучающихся за счет АО «Мангистаумунайгаз», у АО «Мангистаумунайгаз» существует обязательство по трудоустройству выпускников КОУ.

Численность молодых специалистов и стажеров, выпускников Каспийского общественного университета с 2008 года по 2011 года составляет на 01.07.2012 года 271 человек. В АО «Мангистаумунайгаз» работа с выпускниками КОУ ведется:

так в 2011 году было переведено 18 человек в штат, а за 6 месяцев 2012 года переведено в штат 36 человек.

Департаментом управления человеческими ресурсами постоянно ведется работа с руководителями Производственных управлений, Департаментов и Служб Общества по переводу в штат молодых специалистов и стажеров – выпускников КОУ.

В настоящее время в Каспийском общественном университете за счет средств Общества обучается 142 студента, являющихся уроженцами Мангистауского региона, и которых в рамках договорных обязательств АО «Мангистаумунайгаз» должно принять на работу в 2012 году 77 человек, а в 2013 году 65 человек.

Начиная с 2010 года АО «Мангистаумунайгаз» проводит стипендиальную программу по обучению в г. Пекин (КНР) за счет средств Общества в Китайском нефтяном университете, срок обучения 5 лет, включая первый год изучения китайского языка. Язык обучения – китайский. Данная стипендиальная программа ежегодно предусматривает до 7 именных стипендий по наиболее востребованным специальностям на внутреннем рынке труда, утвержденным Министерством труда и социальной защиты населения РК, для получения степени бакалавра гражданами Казахстана, постоянно проживающими в Мангистауской области, и имеющим среднее образование в возрасте до 21 года.

В 2010 году по итогам конкурса на обучение в Китайский нефтяной университет были направлены 7 человек, по следующим специальностям:

1) 6 человек по специальности «Нефтяной инжиниринг»;

2) 1 человек по специальности «Геологический инжиниринг»

В первый год обучения студенты проходят «Курс китайского языка», при успешном окончании курса, студенты продолжают обучение по своим специальностям.

В 2011 году были направлены 8 человек по специальностям:

1) Технология и методы поисково-разведочных работ – 1 чел.,
2) Инженерно-геологическое от-деление – 2 чел.,
3) Проектирование, производство и автоматизация механических конструкций – 1 чел.,
4) Нефтепромысловое дело – 2 чел.,
5) Автоматизация - 1 чел.
6) Кораблестроение и океанотехника – 1 чел.

В 2011 году на обучение в КНР направлено 15 студентов (7 чел. – 2010 г., 8 чел. – 2011 г.).

В 2012 году были направлены 7 человек, из них 5 человек в Китайский нефтяной университет по специальностям:

1) Нефтяной инжиниринг – 2 чел.,
2) Инжиниринг транспортировки нефти и газа – 1 чел.,
3) Автоматизация – 1 чел.,
4) Морской нефтяной инжиниринг – 1 чел.

В Северо-Китайский электроэнергетический университет 2 чел., по специальности «Электроэнергетический инжиниринг и менеджмент». На 2012 год на обучении в КНР находится 22 студента (из них 2010 г. – 7 чел., 2011 г. – 8 чел., 2012 г. – 7 чел.).

В стоимость договора входят проезд по маршруту Пекин-Алматы-Актау-Алматы-Пекин, проживание в общежитие, оказание медицинских услуг, медицинское страхование, прохождение профессиональной практики в КНР, а также выплату ежемесячной стипендии на каждого студента.

Конечно, не бывает идеального бесконфликтного общества, но, тем не менее, мы обязаны стремиться к тому, чтобы минимизировать такие риски. Наше Общество осуществляет свою деятельность с 50% процентным долевым участием наших Китайских партнеров, и в данной связи хочу отметить, что размер заработной платы инженеров и рабочих утверждается соглашением двух сторон. При этом, как юрист в области трудовых отношений могу заверить, что сотрудники, как из Казахстана, так и из КНР получают одинаковую заработную плату. Они, безусловно, должны соблюдать законодательство Республики Казахстан, скрупулёзно выплачивать все полагающиеся налоги и заботиться о процветании той страны, в которой работают. Все программы согласовываются с руководством республики, области и районов. Основная мысль совместной деятельности: взаимовыгодное сотрудничество. Наша основная цель – богатый процветающий Казахстан!

**Ербол Едилов,**
**директор Департамента управления человеческими ресурсами**

# ЖАРАЙСЫҢДАР, ЖІГІТТЕР! БИІКТЕН КӨРІНЕ БЕРІҢДЕР!

**Мұнайшылардың төл мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы, әдеттегідей, «Өз кәсібінің үздігі» бәсекесінің қорытындысын шығарды. Бұл бәсекеге таңдаулы мұнай және газ өндіру операторлары, жөндеуші-слесарлар және электргазбен дәнекерлеушілер қатысты. «Өз кәсібінің үздігі» конкурсы жұмысшылардың шеберліктерін шыңдауына ықпал жасайды, биік межелерден көрінуіне ынталандырады, ол тек жеңімпаздарды ғана анықтап қоймай, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтереді, өндіріс мәдениетін жетілдіреді, озық тәжірибелерді ортаға салады.**

Арнаулы комиссия 40-тан астам үміткерлердің арасынан жеңімпаздарды анықтады. Бұл, әрине, оңайға соққан жоқ. Өйткені бәсекелестердің әрқайсысы өз ісін жете меңгерген, «қара алтын» өндіру саласының одан әрі дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан майталман саңлақтар.

- Біздің компанияда, оператор немесе слесарь, жүргізуші немесе инженер болсын, әр адамды бағалай біледі, - дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ адам ресурстарын басқару департаментіне қарасты еңбекті нормалау және ұйымдастыру тобының жетекшісі **Рахат Садиров.** – Біз жалпы табыс әрбір жұмысшының ортақ іске қосқан үлесінен тұратынын түсінеміз. Ардагерлердің тәжірибесі мен шеберлігі және жастардың күш-қайраты мен жігері кәсіптік деңгейді көтере түсетініне сенімім мол. Жылдан жылға конкурс деңгейінің және оған қатысушылардың шеберлігінің өрлеуі көңіл қуантарлық. Өздеріңіз байқағандай, бұл бәсекеге тәжірибелі қызметкерлермен бірге жас мамандар да қатысады, яғни мұнда жастарды үйрету және өз шеберліктерін шыңдау жұмыстары қатар жүзеге асырылады, бір сөзбен айтқанда, кәсіпорынның алтын қорын құрайтын білікті мамандар санын көбейтуге ықпал жасайды.

Тікелей конкурстың өзін алсақ, оған қатысушылардың тек білімі ғана тексерілмейді, олар сондай-ақ іс жүзінде бәскекеге түседі.

Сонымен конкурстың қорытындысы бойынша «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында мұнай және газ өндіру жөніндегі операторлар арасында Бауыржан Есполов (МГӨЦ-1) үздік шықты, екінші орынды Асқар Сатыбалдиев иемденді, ал үшінші орынды Елдос Тілеген алды.

Ал «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы бойынша бірінші орынды №2 МГӨЦ-ның операторы Болат Жакупов жеңіп алды, екінші орынға Қабыл Бисенов шықты, үшінші орынды Нұрсерік Наренбаев қанағат тұтты.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында «Үздік жөндеуші-слесарь» бәсекесінде Жұмабай Аязбаев жеңімпаз атанды, ал Айт Мұқатаев пен Асылмұрат Қожашев тиісінше екінші және үшінші орындарды иеленді.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының үздік жөндеуші-слесарі атағына Қуат Атамбаев ие болды. Екінші орынды Айберген Кенжебаев, үшінші орынды Марқабай Азирбаев жеңіп алды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның таңдаулы электргазбен дәнекерлеушісі болып Кенжебек Қартбаев («ЖМГ» ӨБ) танылды. Екінші орынға Асылбек Ноғаев («ҚМГ» ӨБ) ие болды. Ал үшінші орын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының өкілі Рахман Құдайбергеновке берілді.

Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері осынау қомақты табысқа ие болулары өздерінің білімдері мен тәжірибелерін аянбай бөліскен тамаша ұстаздарының еңбегі, деп біледі.

- Бірінші кезекте бізді қажымай-жалықпай өз білгендеріне үйреткен ұстаздарымызға, олардың ішінде өзімнің ұстазым Мейрам Сарқұловқа рахмет айтқым келеді, - дейді «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының үздік операторы Бауыржан Есполов. – Конкурсқа қатысу мен үшін өз күшім мен мүмкіндігімді тексеру іспеттес болды. Тартысты бәсекеде ұтысқа жетуім осы кәсіпті дұрыс таңдағанымды, оған лайықты екенімді дәлелдейді. Осы орайда менің атамның да, әкемнің де мұнайшы екенін айта кеткенді жөн көрдім. Атам Красноводск мұнай өңдеу зауытында жұмыс жасады, ал әкем болса, осы күнге дейін Қаламқас кен орнында жұмыс жасап келеді. Олардан мен көп затты үйренгеніме қарамастан, өз шеберлігімді одан әрі шыңдай бермекпін.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының үздік операторы Болат Жакупов мұнай саласында 23 жылдан астам уақыт еңбек етуде. Біздің компанияда 1991 жылдан бері жұмыс жасайды.

- Конкурсқа екінші рет қатысып отырмын, - дейді Болат Жакупов. – Екі жыл бұрын мен үшінші орын алсам, міне, бүгін жеңіске жетіп отырмын. Ұстаздарыма рахмет. Енді мен де жас мамандарға өз білгендерімді үйретпекпін.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының үздік жөндеуші-слесарі Қуат Атамбаев 2003 жылы гуманитарлық колледжді «ағылшын тілінің мұғалімі» мамандығы бойынша бітірсе де өзінің еңбек жолын мұнай саласына арнады.

- «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында мен 2005 жылдан бері жұмыс жасаймын, - дейді Қуат Атамбаев. – Жұмысым маған ұнайды. Сондықтан 2010 жылы политехникалық колледжді «бұрғылау қондырғыларының техник-технологі» мамандығы бойынша сырттай оқып бітіріп алдым. Мүмкіндікті пайдалана отырып, шеберлігімді шыңдауға көмектескен өзімнің алғашқы ұстазым Бердібек Кузембаевқа рахмет айтқым келеді.

- Басшылардың біздің еңбегімізді жоғары бағалап, ұдайы көңіл бөліп, қамқорлық көрсеткендері үшін алғысымыз шексіз, - деп атап көрсетті «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының үздік жөндеуші-слесарі Жұмабай Аязбаев. – «Өз мамандығының үздігі» конкурсын өткізу «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының үлкен де ұйымшыл ұжымын жаңа жетістіктерге ынталандыруға ықпал жасары сөзсіз.

Үстіміздегі жыл таңдаулы электргазбен дәнекерлеуші Кенжебек Қартбаев үшін ерекше жыл болып отыр. Биылғы жылы оның отбасында бір ер бала дүниеге келді, ал жақында, яғни 20 тамыз күні, Кенжебек 40 жылдық мерейтойын атап өтті.

- Менің, конкурстың басқа да жеңімпаздары мен жүлдегерлері сияқты, бірінші кезекте өзімнің алғашқы ұстазым Мақсұт Қоқановқа айтар алғысым шексіз, – дейді Кенжебек Қартбаев. - Ол күні бүгінге дейін жас мамандарды шеберлікке баулуда, білгенін үйретуде, ерен еңбек үлгілерін көрсетуде. Сондай-ақ осындай конкурстарды өткізуді әдетке айналдырған компаниямыздың басшыларына да рахмет айтқым келеді. Конкурс, әрине, шеберлікті шыңдауға, өз әріптестерімізден білмеген көп заттарымызды үйренуге мүмкіндік береді және де ұжымның ауыз бірлігін арттырып, топтастыра түсері сөзсіз, - деп қорытындылады сауалнамамызды еңбек бәсекесінің жеңімпазы.



Б. Жакупов


К. Қартбаев



Ж. Аязбаев



Қ. Атамбаев



Б. Есполов

# ҚҰРЫЛЫСШЫ БЕРДІБАЙ

**Өндіріс құрылыс саласымен тығыз байланысты. Көбінесе, іргелі ірі мұнай мекемелері құрылыс саласын өз құрылымына енгізеді. Бұл – экономикалық жағынан тиімді. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының құрамындағы күрделі құрылыс департаментінің техникалық бақылау қызметінің бастығы Бердібай Байжігіт құрылыс саласында ес білгенінен жасап келеді.**



Бердібай ағамыз 1955 жылдың 5 ақпанында февраль көршілес Түркменстанның Мары облысы, «Красное знамя» совхозында байырғы маңғыстаулық жақсылық ескелдінің отбасында дүниеге келген.

– Әкем Мырзабай совхоздың жұмысшысы болды, совхоздың негізгі өсіретін түлігі – қаракөл қойы болатын. Ауыл қазақ-түркмен аралас тұрдық. Мал жағына қарайтын көбінесе қазақтар еді, шөп шабу – түркмендердің мойнында. Қазақтардың жалпы саны 80-100 дей болдық. Атамыз баяғы отызыншы жылдардың зұлматынан бас сауғалап түркмен жерін паналаған ғой. Аталарымыз Үстірт, Сам, Ақтөбе жерлерін мекендеген жоғарғы ескелділер. Бір атамыз Тұржан Ақмешітте жатыр, оның әкесі Базар Үстіртте Жолболды-Байсейіт деген құдықтың қасында жерленген. Түркмен жерінде дүниеге келген біздерге атақонысты көру бір арман болды. Отбасында 7 бала болдық – 4 ұл, 3 қыз. Мектепті совхозда бітірдім. Содан кейін Ашхабад қаласына барып, политехникалық техникумға түстім, одан электрстанция маманы болып шықтым. Жас маман ретіндегі алғашқы еңбек жолым Мары ГРЭС-інде басталды. Бұл 1974 жыл болатын. Сол жерде 1982 жылға дейін жасадым. Сол 82 жылы не де болса ата-баба мекені Маңғыстауға келдім. Ақтауға келдім, Қызылтөбеден үй салып алдым, – деп Бердібай ағамыз өмірінен сыр шертті.

1982-де Маңғыстауға келген Бердібай сол кездегі «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігіне қарасты «Комсомольскнефть» өндірістік басқармасының құрамындағы ПМК-3-ке жұмысқа орналасады.

– Мастерден бастадым, одан прораб, аға прораб, участок бастығы болдым. ПМК-ның басында Аман Сағындықов деген ағамыз тұрды. Мекемені құрған да, бірінші бастығы да болған сол кісі. Көп еңбегі сіңген адам. Білетін боларсыз, 2003-тен құрылыс мекемелерінің басын қосып, «Ойл Констракшн Компани» (ОКК) мекемесін құрды. Сонда 2005-ке дейін жасадым да, сосын департаментке ауыстым. Департамент «Маңғыстаумұнайгаздың» атынан тапсырыс береді, соны бастан аяқ жобаға сәйкестігін қадағалау – біздің қызмет, – деп өзінің қазіргі қызметі туралы Бекең әңгімесін жалғастырды. – Ауысым 7 күннен, менен басқа әр ауысымда 3 инженер жұмыс жасайды. Орынбасарым – Блалов Тайшыбай деген жігіт, өз ауысымымда – Көпешев Нұрым, Абилов Талап деген жігіттер қызмет етеді.

Құрылысшылардың Қаламқаста бітірген бір шаруасы – бұл аусымдық (вахталық) кент. Қазіргі таңда мұнда тастан салынған 40 жатақхана бар. Қалашықта ПМК-ның еңбегі көп. ПМК-3-тің әуелдегі міндеті – бұрғылаудан шыққан ұңғыларды жұмысқа қосу, соларды абаттандыру, астына бетон төсеу, фундамент салу, тоғын жалғау сияқты жұмыстар болса, қазір де сол бұрғылаудан шыққан ұңғыларды жарақтандырып, жұмысқа қосу сияқты жұмыстар жасалады. Негізгі жұмысты ОКК жасайды, мысалға, топырақ төсеу, жылуизоляция, күрделі жөндеу, құбырларды ауыстыру сияқты жұмыстарды, біздердің міндетіміз – қадағалау, – деп Бекең өндіріс өмірінен әңгімесін жалғастырды.

Ата-мекеніне тұтастай оралған Байжігітовтер отбасы бүгінде жапырағын кең жайып, тұтастай бір әулет болды. Бекеннің әкесі Мырзабай ақсақалға да туған топыраққа келу несібе болып, осында біраз жыл бала-шағасының қызығын қызықтап өмірден 2003 жылы өтті. Аналары да Алланың берген жасын жасап, биыл бақилық болды. Бердібай ағамыз Бақтыгүл жеңгеміз екеуі 2 ер бала – Ербол мен Есболды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, аяқтарына тұрғызды. Қазір екеуі де үйленген, Бекең мен Бақтыгүл жеңгей олардан 3 немере сүйіп отырған бақытты жандар.

Бақытын қызметінен де, отбасынан да тауып отырған Бердібай ағамызды кәсіби мерекесімен құттықтап, оған мол бақыт, қызметінде одан әрі табыстан табысқа жете беруіне тілектеспіз.

Өндіріс тынысы

## Қаламқас кенорны

# ОТЫЗЫНДА ОРДА БҰЗАР ЖАСТАРДАН ҮМІТ КӨП



**«Отызда орда бұзар» деген бар қазақта. Сол орда бұзар жастарымыз қазір өндірістің негізін құрап отыр десек артық айтпағанымыз болар. Жалындаған жастардың еңбекке деген ынталары ерекше – бұл көзге бірден түседі. Сондай жастарымыздың бірі «Қаламқасмұнай» өндірістік басқармасының геология және кенорындарын игеру жұмыстарын талдау бөлімінің геологы – Абай Салих.**

Біздің әңгіме еткелі отырған Абайымыз 1981 жылдың 27 қаңтарында Ақтау қаласында кәсіби мұнайшылардың отбасында дүниеге келген. Мұнайшылық атасы Кенжеғали Дүйсеновтен баласы Салихқа, одан немересі Абайға берілген ата кәсіп десек те болады. Сонау 1960-жылдардың бас жағында Кенжекең Атыраудан Ералыдағы атақты КЭМНГР-ге келіп жұмысқа тұрады. Бұл Маңғыстаудан мол мұнай көздері табылып, Өзен мен Жетібай сияқты ірі кенорындардың ашылып, игеріліп бастаған кезі. Білетініміздей, кеңес үкіметі мұнай өндірісімен қатар барлау мен бұрғылауды да қатар жүргізіп отырды. Сол кездерде бұрғысын сүйреткен барлаушылар киелі мекен Маңғыстаудың о жақ бұ жағын түгел кезіп, көптеген мұнай мен газ кенорындарын ашып та тастады. Қазіргі игеріліп жатқан кенорындар сол кездегі барлаушылардың еңбегінің жемісі десек те болады. Түбі жылыойлық қосым шеркеш Дүйсенов Кенжекең сөйтіп Ералыға басыбайлы тұрақтап, Маңғыстауға сіңіп, жапырағын жаяды, Алланың ырыс-несібесін осы жерден табады. Бірнеше ұл мен қыз өсірген Кенжекеңнің 1949 жылы дүниеге келген ұлы Салих – осы Абайдың әкесі. 1969 жылы отағасына Ақтау қаласынан үй беріліп, осында қоныс аударады. 1971 жылы ұлы Салих жергілікті базар жарының қызы Таңсұлумен көңіл қосып, мәңгілікке бірге болуға серттеседі. Салих пен Таңсұлудан, құдайға шүкір, 5 бала өрбиді. Абай отбасындағы 4-ші бала. Өзінен үлкен 2 апа, бір ағасы бар. Үйдің кенжесі ұл, ол да үйленіп, қазір әке-шешесін бағып отырған сол бала. Абай отбасымен бөлек, өз алдына отау. Келіншегі Рухия екеуінде 3 бала: Нағипа – 6 жаста, Назым – 5-те, Айын – 1 жаста.

Көзін ашқалы Абайдың көріп-естігені – мұнай өндірісі. Өмір бойы бұрғылау экспедициясының соңынан еріп, жер кезген атасы Кенжеғали, мұнайшы мамандығын меңгерген әкесі Салихтың әңгімелерін санасына сіңіріп өскен Абай да ер жете келе өмірін осы бір ел игілігіне жарап жатқан қара май өндірісіне арнауға бел буады.

Облыс орталығындағы № 15 мектепте оқыған Абай, орта білім алғаннан кейін қаладағы 2 кәсіби-техникалық мектепке түседі. Онда электрмонтер мамандығын алып шығады. Білімін жетілдіру керек екенін түсінген Абай 2001 жылы Алматыдағы Каспий Қоғамдық университетінің мұнай және газ геологиясы факультетіне оқуға түседі. Белгілі бір себептермен 2005 жылы Ақтаудағы Шахмардан Есенов атындағы университетке ауысады. Бір жылдан кейін Абай қолына дипломын алып, сол жылдың қыркүйек айында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына 3 дәреже операторы болып жұмысқа кіреді. Ісіне тиянақты, тындырымды жас жігіт көп ұзамай желтоқсан айында №1 кәсіпшілікке техник-геолог болып ауысады.

– Араға екі жыл салып, сол кәсіпшілікке геолог болдым. Ұжым жақсы болды. Сол кезде кәсіпшілікті Сәрсенбай Нұрпейіс басқарған еді. Жалпы ұжымның жақсы-жаман болуы басшыға тікелей байланысты болады екен, оның қарамағындағы адамдармен тіл табыса білуі, ақыл-парасаты, білімінің тереңдігі көп роль ойнайды ғой, – деп өндірістік өмірінен Абай ой бөлісті.

2010 жылы Абай «ҚМГ» басқармасына геолог болып ауысады, ал биылғы жылдың шілдесінен қызметі өсіп, қазір геология және кенорындарын игеру жұмыстарын талдау бөлімінің жетекші геологы.

Өндірістегі жұмыс ұжыммен бітетіні белгілі. Бірнеше адамның бірлесе жасаған еңбегі ғана нәтиже береді. Абай өзінің әріптестері – бөлім бастығы Спанов Арғынбек, бас геолог Койшыбаев Бейсенбі, Аманжол Қипыбаев, Сәрсенбайұлы Сағынғали, Камбаева Жаннат, Жолболдин Бауыржан сынды әріптес геологтардың бірлескен еңбегінің арқасында басқарманың геологиялық қызметі нәтиже беріп тұрғандығын мақтанышпен айтты.

Ауысымнан ауылға қайтып, қолы босай қалған сәттерде Абай теңізге барып, балық аулауды жақсы көретінін айтты.

– Қармақпен кефаль, сазан, тарашкаларды аулаймын, бұл да бір хобби сияқты зат, – дейді Абай.

Мұнайшылар әулетінің үшінші ұрпағы Абай бауырымыз әріптестерін алда келе жатқан мұнайшылардың кәсіби мерекесімен құттықтайтынын жеткізді.

– Аға буын, орта буын, сондай-ақ өндіріске енді келіп, өмір жолдарын бастап жатқан жастарды – барлығын төл мерекемізбен құттықтап, мол бақыт, денсаулық және қызметтерінде табыс тілеймін, – дейді ол.



Мерейтой

# ӘРІПТЕСІМІЗ РАХАТ САДИРОВ 60 ЖАСТА

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ адамдар ресурстарын басқару департаментінің еңбекті ұйымдастыру және еңбек ақы жөніндегі бөлім бастығының орынбасары Садиров Рахат Бөкесұлы 60 жасқа толып отыр.**



Рахаң 1952 жылы 26 тамыз күні мұнайшылар әулетінде дүниеге келген. 1969 жылы Өзен қаласындағы орта мектепті бітірген соң, еңбек жолын «Өзенмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасында мұнай және газ өндіру операторынан бастаған.

Екі жыл Отан алдындағы әскери міндетін өтеп келіп, осы басқармада еңбек жолын электргаздәнекерлеушісі және слесарь мамандықтары бойынша жалғастырған. Кейін Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне түсіп, оны тау-кен инженері мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шықты.

Рахаң еңбек жолын Қаламқас, Өзен, Жетібай, Асар, Қарамандыбас, Батыс Теңге кенорындарында аға шебер, аға инженер болып жалғастырды.

Өндірістің әр саласында мол тәжірибе жинақтаған Рахат Бөкесұлы1985 жылдан бастап Нормативтік зерттеу станциясына аға инженер қызметіне ауыстырылды. Кейін бас инженер және осы мекеменің бастығы қызметін атқарды. Осы мекемеде 15 жыл ішінде оның ұйымдастыруымен көптеген жұмыстар атқарылды. Мысалға, еңбектің озат және қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін үйрету үшін бұрғылау, ұңғыларды күрделі және жер асты жөндеу өндірістік бригадаларының жұмысшыларын оқыту, жаңа техника мен озат технология енгізу бойынша нұсқаулық карталар әзірлеу, еңбектің нормалық материалдарын жобалау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етті.

Рахаң көптеген тәжірибелі, елге сыйлы және белгілі азамат ағалармен жұмыстас болды. Олардың ішінде Әнес Бүркітбаев, Құсайын Шалабаев, Баймұрат Дүйсенғалиев, Жолдас Тоғжанов және т.б. ел ағаларын атауға болады.

1999 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ішкі құрылымының өзгеруіне байланысты осы мекемеде еңбекті ұйымдастыру және нормалау жөніндегі мамандар тобы жетекшісінің қызметін атқаруда.

Ол «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде еңбекті ұйымдастыру және өндірісті басқару мәселелері бойынша әдістемелік басшылық жасайды және жұмысын үйлестірумен айналысады.

Еңбек өнімділігін және жұмыс атқару сапасын арттыру мақсатында әр қызметкердің еңбек әлеуетін тиімді пайдалану, еңбек уәждемесінің ұтымды үлгілері мен әдістерін және ғылыми негізделген еңбек нормаларын қолдану негізінде жоғары сапалы, бәсекелестікке қабілетті өнім шығаруға бағытталған мақсаттар үшін еңбек үрдістерін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Еңбекті нормалау, нормаларды есептеу, оның сапасын талдау және дер кезінде қайта қарау, еңбектің техникалық негізделген нормаларын енгізу, еңбек жөніндегі салааралық және салалық нормаларды қолдану негізінде нормалауды жетілдіру жұмыстарын ұйымдастырады.

Еңбек басқарудың ұйымдастыру құрылымын, кәсіпорында еңбек жағдайын, еңбек өнімділігін арттыру резервін зерттеу және талдау, сондай-ақ ауыр қол жұмыстарын пайдалануды қысқарту, еңбекке қолайлы жағдай туғызу, еңбек ұйымдастыруды жетілдірудің басқа да бағыттарын анықтау жұмыстарын басқарады.

Басқаруды ұйымдастыру құрылымын жетілдіру жұмыстарын жүргізеді, құрылымдық бөлімшелер, бөлімдер мен қызметтер, басшылардың, мамандар мен қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтары туралы қағидалар әзірлеу және сапасын тексеру жұмыстарын атқарады.

Еңбек ұйымдастыру, жалақы төлеу және өндірісті басқару мәселелері жөніндегі еңбек заңнамаларын, қаулы, өкім, басқа да нормалық актілердің талаптарын сақтауды, сондай-ақ қолданылуын бақылауды ұйымдастырады.





Кәсіпорын жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері үшін озат өндіріс тәжірибелерін тарату, жұмыс жасаушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту шараларын және кәсіптік шеберлік «Үздік маман» бәсекелері шарттарын әзірлеуге және өткізуді ұйымдастыруға ат салысады. Байқау қызметкерлердің шеберлік деңгейін арттыруға, адамдардың өзінің мақсат-мүддесін одан әрі дамытуына ынталандырады. Конкурс ең үздіктерді анықтап қана қоймай, жұмысшы мамандығының мәртебесін арттыруға, озық тәжірибені таратуға қызмет етеді. Конкурстың деңгейі мен қатысушылардың біліктілігі жыл сайын артып келеді. Ол жастар үшін тәлімді сабақ, тәжірибелі қызметкерлер үшін шеберлікті шыңдау мектебі болып табылады. Осындай жарыс ұйымдастыру арқылы қоғам қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру, тәжірибелі жұмысшылар мен жастар арасынан болашағы бар қызметкерлер анықталып, таңдаулы мамандар кәсіпорынның «алтын қорын» көбейтуде.

Ол заман талабына сай алған білімі мен игерген мамандығын одан әрі әрқашан жетілдірумен болды. 2011 жылы Қытай Халық Республикасының Пекин қаласында кен орындарын игеру технологияларды дамыту саласында білімін жетілдірді.

Садиров Рахат Бөкесұлы – жоғары білімді, техникалық жағынан сауатты, ынталы және өндірісті білетін ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, өз ісінің білікті маманы, сондықтан болар өндірістік мәселелерді шешуде тиянақтылықпен,үлкен жауапкершілікпен тез ойлап, дұрыс, әділ шешім қабылдайды.

Қызметтестерінің және жора-жолдастарының арасында сыйлы және беделді азамат. Отбасында қамқоршы әке,балалары да өзінің жолын қуып, мұнай саласында қызмет етуде.

Мұнай саласындағы көп жылғы еңбекжетістіктері үшін бірнеше мәртеқұрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен және Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы құрметіне арналған төс белгісімен марапатталды.

Раха, еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді танытып-ақ жүрсіз.

Мұнай саласында көп жылдар бойы ерен еңбек еткен Садиров Рахат Бөкесұлын 60 жас мерейтойымен ұжымдастары атынан құттықтай отырып, оған зор денсаулық, мол бақыт тілейміз!

Біз Сізді жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын!

Өндіріс тынысы

## Жетібай кенорны

# ЖАСТАР – ӨНДІРІС БОЛАШАҒЫ

**Өндірістің бел ортасында жүрген жастарымызды бүгін көптеп кездестіруге болады. Солардың бірі – «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы МГӨК-1-дің 3-дәрежелі операторы Артур Тәжіғұлов.**



Талапты жас өндіріске 2009 жылдың аяғында Каспий қоғамдық университетін бітіріп келгеннен кейін орналасқан еді. Содан бергі екі жылдан астам уақыт аралығында Артур бауырымыз әжептәуір тәжірибе жинақтап, төселіп, өз ісінің шебері болып та үлгерді.

– Өндіріске институт бітіріп келген кезде бізде теориялық білім басымырақ болды. Ал өндірісте тәжірибе көбірек роль атқарады. Сол кезде өндірістік ұстаздың (наставник) өте қажет екенін түсінесің. Менің ұстазым – Еламан Коңқаев деген ағамыз, 5 дәрежелі оператор, білгенін үйретуден жалыққан жоқ. Соның арқасында өндіріске тез арада үйренісіп кеттім, көп кешікпей біраз төселіп қалдым, – дейді Артур.

Артур бауырымыз 1988 жылдың 2 сәуірінде Еральыда дүниеге келген. Әкесі Амангелді Тәжіғұлов Еральыда орналасқан атақты КЭМНГР-де машинист болып жасаған екен. Сол кезде Еральыға Ресей жерінен – Астрахан облысы Қараөзек аулынан келіп, КЭМНГР-ге оператор болып орналасқан Светлана атты қазақ қызымен көңілдері жарасып, 1984 жылы отау құрады. Жас отбасында 4 бала дүниеге келеді. Үлкен қыздары Шынар «Болашақ» компаниясында менеджер болса, 1986 жылы дүниеге келген Анар Ақтөбедегі медицина институтын бітіріп, қазір Ақтауда облыстық аурухананың қабылдау бөлімшесінде дәрігер. Артур – отбасындағы үшінші бала, Мерей деген інісі бар.

Артурдың өзінен гөрі ұжымы туралы көбірек айтқанды ұнататынын байқадық. Қанымызда бар кеңпейілділікті, көпшілдікті, өзінен гөрі өзгенің шаруасын ойлайтын қазақи қасиеттерді қазіргі жастардың бойынан көргенде, бір жасап қаласың екен.

– Кәсіпшілігіміздің бастығы Асхат Жүзбаев қырыққа енді шығып жатқан жас жігіт. Бірақ ойлау дәрежесі, адамдармен қарым-қатынасы, ұжымдағы адамдардың басын қоса білуі – нағыз ақсақалдықтың белгісі деп есептеймін. Кәсіпшілікте 70-80 адамдай бар, көбісі жастар. Ішінде Каспий қоғамдық институтын бітіргендер баршылық. Өзімнің топтық қондырғыда бірге жасайтын әріптестерім – Нұрғалиев Серік, Төлендиева Әлима, слесарь-жөндеуші Дәурен Бекбосыновтар. Жақсы жолдастық қарым-қатынастамыз, бір-бірімізді сыйлап, құрметтейміз. Осы сәтті пайдалана отырып, ұжымымды кәсіби мерекемізбен құттықтаймын! Зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілеймін, – деп Артур ұжымына жақсы-жақсы сөздерін арнады.

Компанияның әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөліп отырғандығын білеміз. «Сондай шаралардың қайсысын пайдаланып көрдің?» деп Артур бауырымыздан сұрадық.

– Менің отбасым бар, екі балам бар. Екінші балам дүниеге келгенде маған 35 айлық есептік көрсеткіш есебінде (МРП)көмек берді. Еңбек демалысына осымен 3 рет шықтым, әр шыққан сайын емделуге беретін 1 оклад көлемінде жәрдемақы алып тұрдым, – деп Артур жауап берді.

Жалындаған жастық шақта адам тепсе темір үзетіндей халде жүреді. Бойында болашаққа деген нық сенім мен үміт оты жалындап жанып, оған алынбайтын асу, бітпейтін іс болмайтындай көрінеді де тұрады. Одан кейін өмірдің ащысы мен тұщысын татып, адам сабасына түсіп, саябырсып, өмірге байыппен қарап, бойында сабыр-салмақ пайда болады. Артур бауырымыздың алдында әлі талай өмірдің сынағы тұр. Лайым, сол асулардан адами қалпын сақтап өту нәсібе болсын!

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Досаев Құдайберді – 4 қыркүйек, Басқарма бастығының орынбасары
Нұрболғанов Айтбай Дүмбайұлы – 7 қыркүйек, МГӨБ-4, слесарь-жөндеуші
Таңбаев Бақтыбай – 29 қыркүйек, ЦДПТГ, машинист ТК

## 55 жас

Нұрманова Жұмабибі – 10 қыркүйек, ӘМжӘДД, санитарка
Бердюгина Ольга Федоровна – 21 қыркүйек, ӘМжӘДД, санитарка
Құлбекова Қалампыр Қаржауқызы – 28 қыркүйек, ТҮШЦ, үй күтушісі
Суесінова Дина Құлымбетқызы – 28 қыркүйек, АРБД, кадр жөніндегі маман

## 50 жас

Искаков Аманқос Сергейұлы – 14 қыркүйек, ПҚЖШЦ, токарь
Балжігітов Өтеген Төреғалиұлы – 15 қыркүйек, ПҚЖШЦ, электргаз дәнекерлеушісі
Өсербаев Күзембай Лесбайұлы – 20 қыркүйек, САжМТЖД, стропальщик
Төретаев Күзембай Мұсаұлы – 20 қыркүйек, слесарь-жөндеуші
Ғазиева Зейнаб Солтанқызы – 25 қыркүйек, САжМТЖД, қоймашы
Байболова Гүлмира Нұрбекқызы – 25 қыркүйек, ӘМжӘДД, үй күтушісі
Мұрынов Мырзанғали Қармысұлы – 28 қыркүйек, Көлік департаменті, жүргізуші
Отарбаев Қоныс Бақытұлы – 28 қыркүйек, МГӨБ-3, электргаз дәнекерлеушісі
Намазғалиева Жәмиға Абитисановна – 4 қыркүйек, ҚҚҰЦ, инженер
Меңдібаева Шура Байсеуовна – 10 қыркүйек, ТҮШЦ, үй күтушісі
Әбдірова Ақжарқын Қайыпқызы – 15 қыркүйек, ТҮШЦ, үй күтушісі

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

| | |
|---|---|
| Нұсқаулар (лауазымдық, лауазымдық міндеттерді бөлу жөніндегі, іс қағаздарын жүргізу жөніндегі, қауіпсіздік техникасы жөніндегі, жұмыс технологиялары жөніндегі және т.б.) | – Инструкции (должностные, по распределению должностных обязанностей, по делопроизводству, по технике безопасности, по технологии работ и т.п.) |
| Келісім-шарттар (халықаралық ынтымақтастық жөніндегі, ұйымдар арасындағы, еңбек және т.б. келісім-шарттары) | – Контракты (по международному сотрудничеству, между организациями, трудовые и т.п.) |
| Өзге ұйымдарға немесе азаматтарға жолданатын ұйымдық-өкімдік құжаттардың көшірмелері | – Копия организационно-распорядительных документов, направляемые в другие организации или гражданам |
| Ұйым қызметінің барлық түрлері бойынша қаржыландыру лимиттері (лимиттік анықтамалар) | – Лимиты (лимитные справки) финансирования по всем видам деятельности организаций |
| Уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары | – Листы нетрудоспособности |
| Тауарлы-материалдық құндылықтарды есепке алу жөніндегі жүкқұжаттар (накладнойлар) | – Накладные по учету товарно-материальных ценностей |
| Атаулар немесе номенклатуралар (ұйым істерінің, лауазымдардың, бұйымдардың, тауарлардың, қызмет көрсету түрлерінің және т.б. атаулары немесе номенклатуралары) | – Номенклатуры (дел организаций, должностей, изделий, товаров, услуг и т.п.) |
| Нормативтер (шикізат, материал, электр энергиясы шығындарының, технологиялық жобалаудың, қызметкерлер санының және т.б. нормативтері) | – Нормативы (расхода сырья, материалов, электроэнергии, технологического проектирования, численности сотрудников и т.п.) |
| Істер тізімдемелері (тұрақты сақталатын істердің, жеке құрам бойынша істердің, уақытша сақталатын істердің және т.б. тізімдемелері) | – Описи дел (постоянного хранения, по личному составу, временного хранения и т.п.) |
| Есеп беру құжаттары (өндірістік қызмет туралы, ғылыми жұмыстар туралы және т.б. жөніндегі есеп беру құжаттары) | – Отчеты (о производственной деятельности, научные и т.п.) |
| Паспорттар (ғимараттардың, ұйымдардың және т.б. паспорттары) | – Паспорта (зданий, организаций и т.п.) |
| Тізбелер (қызметкерлердің лауазымдық тізбесі, ұйымдардың тізбесі, сақтау мерзімі көрсетілген типтік құжаттардың тізбесі, сақтау мерзімі көрсетілген ведомстволық құжаттардың тізбесі және т.б. тізбелері) | – Перечни (должностей сотрудников, организаций, типовых документов с указанием сроков хранения и т.п.) |
| Жұмыс жоспарлары (тоқсандық, жарты жылдық, жылдық, перспективалық, стратегиялық, индикативтік т.б. жұмыс жоспарлары) | – Планы работ (квартальные, полугодовые, годовые, перспективные, стратегические, индикативные и т.п.) |

# Қазақстан Чемпион!

LONDON 2012

*Туым биік қазақ иісі аңқыған,*
*Ән ұранын әлемде айтып шалқыған.*
*Алып берді, қола, күміс, алтынын,*
*Үкілеген үміт артқан халқына.*

*Еліміздің рухы биік ұл-қызы,*
*Жансын жеңіс шыңдарында жұлдызың.*
*Қазақстан чемпион боп әлемде,*
*Көшті бастап, даңқы асты әлемге.*

*Қайырмасы:*
*Ел намысын жастарымыз қорғаған,*
*Әнұран мен жеңіс туын тойлаған.*
*Қазақ деген қайсар ел бар, қайыспас,*
*Ол жеңімпаз ту астында жайнаған.*

*Олимпиада алауы ап тұтанды,*
*Көтерейік ғарышқа біз Отанды.*
*Ел намысы сынға түссе шыңдаулы,*
*Сенеміз сізге, жеңіс бізде, Алға Қазақстан!*

*Ел үміті, ел сенімі артылған,*
*Тұғырың болсын, ел қуантар алтыннан.*
*Мерейіңді жеңіс пенен көтерген,*
*Айбынды елім, Қазақстан даңқыңнан.*

*Олимпиада чемпионы атанып,*
*Болашаққа жаңа жол біз салайық.*
*Жеңіс сыйлап, жерімізге бата алған,*
*Еліміздің мақтанышы болайық.*
*Қайырмасы:.*

*«ОТК» ЖШС,*
*жүргізушісі Қанатов К.М*



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750
Тапсырыс: 1802